

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ

28. 08. 2021

дата

Алматы қ.

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ

№ 31




г. Алматы

Бекітемін:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты» РММ
Директоры

Абдрашев Б.Т.

2021 ж. «28» 08

ДИЕТАЛЫҚ МЕЙІРГЕР

Өзірлеген:			
Мектеп дәрігері		Бекмурзаева З.Т.	28.08.21
Диктордың оқу жөніндегі орынбасары		Мусрепова М.С.	28.08.21
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	28.08.21
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары		Ахметова С.Н.	28.08.21
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	28.08.21
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	28.08.21
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	28.08.21
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ.....	3
4. ҚҰҚЫҚТАРЫ	6
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК	6
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	7
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Лауазымдық нұсқаулық	Диеталық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОИ» РММ»	
8-ден 2 бет	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) диеталық мейіргерінің (қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Диеталық мейіргер Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады. Диеталық мейіргердің жұмысына басшылықты мектеп дәрігері жүзеге асырады.

4. Диеталық мейіргер өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Тамақтандыруды ұйымдастыру, санитария және гигиена мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы;

2) Білім беру объектілерінде тамақтандыру жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды;

3) Жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;

4) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды, Медициналық қызмет көрсету туралы ережені;

5) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Диеталық мейіргер лауазымына «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», «Акушерлік іс», «Гигиена және эпидемиология» мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімі, «Диетологиядағы мейіргер ісі» мамандығы бойынша сертификаттық курстан өткені туралы сертификаты; жоғары (мейіргер) медициналық білімі және орта білімнен кейінгі (бакалавриат) біліктілік деңгейі орташа Денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты бар адам тағайындалады.

2. Диеталық мейіргер мыналарды білуге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;

2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;

Лауазымдық нұсқаулық	Диеталық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
8-ден 3 бет	

- 3) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіні;
- 4) Бала құқығы туралы Конвенцияны;
- 5) емдік тамақтануды ұйымдастырудың жалпы мәселелері мен негізгі принциптері, диетология негіздері, тағам дайындау технологиясын;
- 6) білім беру объектілерінде тамақтандыру жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды;
- 7) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық көмек көрсету қағидаларын;
- 8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормалар;
- 9) санитарлық ағарту, білім алушылар мен персоналды гигиеналық тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

Диеталық мейіргер:

1. Тәрбиеленушілер мен білім алушыларға ұтымды және қауіпсіз тамақтануды қамтамасыз етеді, тамақтану ұланудың алдын алады, мектеп-интернаттың асханасында және буфетінде дайын тамақтың сапасын тексереді, дұрыс тамақтану мәселелері бойынша консультация береді.
2. Тамақтанудың сапасына медициналық бақылау жүргізеді, тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді, дайындалатын тамақтың сапасына жауапты болады. Тамақтану режимі, оның ішінде диеталық режим сақталуын бақылайды.
3. Қоймаға және асүйге түскен кезде сапалы азық-түлік қабылдауға бақылау жүргізеді. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдауды деректер тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналына енгізіле отырып, олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар бар болған жағдайда жүзеге асырады. Тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар ұйымда сақталады.
4. Азық-түліктерді дұрыс сақтауға, өндіруші (дайындаушы) белгілеген тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін және оларды сақтау шарттарын бақылайды. Тез бұзылатын тамақ өнімдері температурасы төмен тоңазыту жабдықтарында және (немесе) тоңазыту камераларында және (немесе) тоңазытқыштарда сақталуын бақылайды. Температураны бақылау үшін термометрлер орнатады. Сынап термометрлерін пайдалануға жол берілмейді.
5. Перспективалық маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық мәзір жасайды. Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің болу ұзақтығын, жас санатын ескереді, витаминдік-

Лауазымдық нұсқаулық	Диеталық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
8-ден 4 бет	

минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдерін көздейді. Бұл ретте мәзірде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде және келесі екі-үш күнтізбелік күнде қайталауға жол бермейді.

6. Күн сайын тамақ ішетін залда Мектеп басшысы бекіткен мәзірді іледі, онда тағамдардың атауы, әр дайын тағамның шығымы көрсетіледі. Мәзірде көрсетілген тағамдар мен аспаздық өнімдердің атаулары пайдаланылған рецептуралар жинақтарында көрсетілген атауларға сәйкес келуін қадағалайды.

7. Диеталардың химиялық құрамы мен құнарлығын мерзімді есептеп отырады, нақты әзірленген тағамдар мен рациондардың химиялық құрамына (ақуыз, майлар, көмірсулар, витаминдар, минералдық заттардың мөлшеріне, энергетикалық құндылығына ж.т.б.) бақылау жүргізеді, ас әзірлейтін блокта бракераждық журнал жүргізеді.

8. Балалардың тәулік бойы болатын ескерумен "С" витаминімен витаминдеуді "С-витаминдеу" журналына енгізе отырып, "С" витаминінің тәуліктік нормасы есебінен мектеп жасындағы балалар үшін – 70 мг мөлшерінде жүргізеді.

9. Күн сайын ас блогында нақты ас мәзіріне сәйкес дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдырылуын бақылайды. Сынамаларды алу және оларды сақтау «Білім беру объектілерінде тамақтану жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес жүргізіледі.

10. Ас әзірлейтін блоктың жұмысын қадағалайды, онда санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Ас блогын қызметкерлерінің медициналық тексерулерден өтуінің тұрақтылығын бақылайды, техникалық және қызмет көрсету персоналы арасында техникалық минимумды өткізуді ұйымдастырады.

11. Есепке алу – есептік құжаттаманы жүргізеді. «Білім беру объектілерінде тамақтану жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес мектептің білім алушыларының және интернат тәрбиеленушілерінің тамақтану нормалары сақталуына бақылау жүргізеді.

12. Бақылау жүргізеді:

- азық-түліктің дұрыс мөлшерде салынуын және дайын тағамның бракеражына;
- ас әзірлеу технологиясының сақталуына;
- ас әзірлейтін блоктың жұмысына, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына, үлестірілетін құралдардың, ыдыстың санитарлық тазалығына сонымен бірге, қызметкерлердің жеке гигиенаға сәйкес үлестіру тәртібін орындауына;
- дайын тағамдарды ас мәзіріне сәйкес үлестірілуіне;
- балалардың диеталық тамақтануының ұйымдастырылуына;

13. Жол бермейді:

Лауазымдық нұсқаулық	Диеталық мейіргер	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		8-ден 5 бет

- қолдану мерзімі өткен тағамдарды қолдануға,
 - терең мұздатылған ет және ет тағамдарын қолдануға,
 - бүлінген азық-түлік пен жеміс-жидекті қолдануға,
 - интернат асханасында азық-түлікпен және тағамдармен улануға,
 - «Білім беру объектілерінде тамақтану жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптармен» тыйым салынған тағамдар мен сусындарды дайындауға және өткізуге;
 - алдын ала немесе мезгілді тексеруден өтпегендердің жұмыс істеуіне;
 - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ас блогының өндірістік ұй-жайларында болуына және оларды тағам дайындаумен, көкөністерді тазалаумен, дайын тағамды таратумен, нан тураумен, ыдыс жуумен, өндірістік ұй-жайларды жинаумен байланысты жұмыстарға тартуға.
14. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық қағидаларын сақтайды.

4. ҚҰҚЫҚТАР

1. Диеталық мейіргердің мынадай құқықтары бар:
 - 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
 - 2) өзінің кәсіби және асблогы қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
 - 3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
 - 4) Мектептің ас блогы жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;
 - 5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
 - 6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру, санитарлық-эпидемиологиялық жұмысты және санитарлық нормалар мен қағидаларды орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;
 - 7) оқушылардың, ас блогы жұмыскерлерінің, педагогтердің және Мектептің басқа да қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті, санитарлық-эпидемиологиялық сипаттағы шешімдер қабылдауға;
 - 8) өз құзыреті шегінде Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;

2. Диеталық мейіргердің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексында, Мектептің Медициналық қызмет көрсету туралы ережесінде, Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

Лауазымдық нұсқаулық	Диеталық мейіргер	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		8-ден 6 бет

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Диеталық мейіргер Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

- 1) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;
- 2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;
- 3) жоспарлы жұмыстар мен тапсырмаларды орындамағаны үшін;
- 4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, медициналық этиканы, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіпте мейіргер қызметтік құпияны сақтау үшін жауапты.

3. Тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

Лауазымдық нұсқаулық	Диеталық мейіргер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	8-ден 7 бет